



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Ішкі мемлекеттік аудит комитеті  
төрағасының

2016 жылғы «2» маусымдағы  
№ 50 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) өз құзыретінің шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент өз қызметінде Комитетке есеп береді.

5. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Департаменттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасы Қаржы министрімен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы бекітеді.

Департаменттің ережесін, штат кестесін Комитеттің төрағасы бекітеді.

7. Департаменттің заңды мекен-жайы: мысалы: 100003, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ленин көшесі, 12 үй.

8. Департаменттің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

11. Департаментке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қарым-қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## 2. Департаменттің функциялары мен құқықтары

12. Департамент заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігінің жыл сайынғы аудитін;

2) мыналардың:

бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстардың;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары, депутаттық сауалдар бойынша, сондай-ақ бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ақпараттық жүйелерінің деректері мониторингінің нәтижелері бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын, кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдаланудың;

мемлекеттік-жекешелік әріптестікті іске асыру мақсаттары, бюджеттік кредиттер беру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің, мемлекеттік кепілдіктердің және мемлекет кепілгерліктерінің атқарылуын қаржыландыру, сондай-ақ оларды пайдалану үшін объектілерді беру шарттары мен рәсімдерінің сақталуының;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жағдайларда, мемлекеттік қарыздарды беру, пайдалану шарттары мен рәсімдерінің сақталуының;

тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік, аудиторлық қызмет туралы заңнамаларының сақталуының сәйкестік аудитін жүргізеді.

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесіне кіретін ішкі аудит қызметтерінің жұмысын үйлестіру мақсатында:

жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша ішкі аудит қызметтерінің есепті ақпаратына талдау жүргізеді;

ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізеді;

ішкі аудит қызметтерінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын және ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

мемлекеттік органдардың басшыларына ішкі аудит қызметтері басшыларының, мемлекеттік аудиторларының жауаптылығын қарау туралы ұсыныстар енгізеді;

4) ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік аудит объектілері лауазымды адамдарының тиісті ақпараттарын тыңдайды;

5) мемлекеттік сатып алуға қатысушылардан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады;

6) сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын тартады;

7) сотқа талап-арыздар береді:

бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарларды жеткізу және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіру және нұсқамаларды орындау мақсатында;

міндеттемелері толық көлемде және тиісінше орындалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған мемлекеттік сатып алу туралы күшіне енген шарттарды жарамсыз деп тану туралы;

8) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, тиісті аудиторлық дәлелдері бар материалдарды құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға береді;

9) аудиторлық қорытындыда берілген ұсынымдардың және міндетті түрде орындалуға жіберілген нұсқамалардың мониторингін жүйелі негізде жүзеге асырады;

10) барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқамалар шығарады;

11) бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқама, хабарлама жібереді;

12) мемлекеттік аудит пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес жоспардан тыс аудитті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын тексеруді жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды, оның ішінде камералдық бақылауды жүзеге асырады, қажет болған кезде мемлекеттік сатып алуға қатысушылар ұсынған есептік деректердің, материалдар мен ақпараттың дұрыстығын тексереді;

14) «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу қорытындысының күшін жою не күшін жоюдан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

15) хаттамалар жасайды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолданады;

16) аудиторлық қызмет саласында және аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдар мен аудиторлық ұйымдардың қызметтерін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

17) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласын тексеру түрінде және өзге түрде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) құпия істерді жүргізеді және мемлекеттік құпияларды сақтауды қамтамасыз етеді;

19) жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері туралы есептерді Комитетке ұсынады;

20) Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

#### 13. Департамент:

1) өз құзыреті шегінде бұйрықтар әзірлеуге және қабылдауға;

2) ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарауға қатысуға;

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының, бюджеттік және өзге де заңнамаларының сақталуын бақылау мәселелері бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасауға;

5) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бақылау объектілеріне қажетті материалдар мен мәліметтер беру туралы талаптар жіберуге;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген өзге міндеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

#### 14. Департамент:

1) мемлекеттік аудит объектілерінің заңды құқығын сақтауға;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдарды Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде қарауға;

3) қызметтік құпияларды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге құпияларды сақтауға;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын, есептілікті орналастыруға, сондай-ақ келісілген мерзімдерде мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелері туралы олар бекітілгенге дейін ақпарат алмасуды жүзеге асыруға міндетті.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

### 3. Департаменттің мүлкі

15. Департамент жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатқызылады, ол мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптастырылады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Департаменттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

16. Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

17. Департаментке заңнамада белгіленген жағдайда және шегінде мүлікті иелену құқығы берілуі мүмкін.

### 4. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

18. Департаментті Қазақстан Республикасы Қаржы министрі лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын Департамент басшысы басқарады.

Департамент басшысының екі орынбасары болады, оларды Департамент басшысының ұсынуымен Комитет төрағасы лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

19. Департаментке басшылық етуді басшы жүзеге асырады, ол Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және олардың өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапкершілікте болады.

20. Департамент басшысы:

1) Департаменттің құрылымдық бөлімдері басшыларының және өзінің орынбасарларының міндеті мен өкілеттігін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес, ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерді қоспағанда (олар болған жағдайда), Департаменттің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлерді қоспағанда (олар болған жағдайда), заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

5) Департамент қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен іссапарға жіберу, демалыстар беру, даярлау (қайта даярлау), біліктіліктерін арттыру, көтермелеу, материалдық көмек көрсету, үстемақылар мен сыйлық ақы төлеу мәселелерін шешеді;

6) құзыреті шегінде Департаменттің құқықтық актілеріне қол қояды;

7) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда Департамент мүддесін қорғайды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Басшы болмаған уақытта оның міндеттерін Комитет төрағасының не оның міндетін атқарушының бұйрығы бойынша басшы айқындайтын оның орынбасарларының бірі атқарады.

### 5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.